

"Қаржы нарығы институты" қоғамдық қорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 желтоқсан N 1577

Қаржы нарығының барлық субъектілері жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету және үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Қесіпкерлері конгресінің, Қазақстан Сақтандырушылар одағының, Қазақстанның коммерциялық банктері ассоциациясының және Қазақстан аудиторлар палатасының "Қаржы нарығы институты" қоғамдық қорын құру туралы ұсынысы қолдалысын.

2. "Қаржы нарығы институты" қоғамдық қоры мына мақсаттарда құрылады:

мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарға арналған қаржылық нарықты дамыту туралы талдау және ақпараттық материалдарды әзірлеу;

қаржылық нарықты дамыту және консалтингтік қызметтерді жүзеге асыру жөніндегі бағдарламаларды, құқықтық нормативтік актілерді және өзге де материалдарды тәуелсіз экономикалық және құқықтық сараптама жүргізу;

қаржы нарығының барлық субъектілері үшін білікті кадрларды даярлау және қайта даярлау;

қаржы нарығы субъектілері үшін бірыңғай ақпараттық база құру;

қаржы нарығы субъектілері үшін бағдарламалық, әдістемелік және оқу материалдарын әзірлеу;

оның жарғысына сәйкес басқа міндеттерді шешу.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті үстіміздегі жылдың 30 желтоқсанына дейін "Қаржы нарығы институты" қоғамдық қорын мына мекен-жай бойынша: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 84-үйде орналастырын және мұны жарғылық қорға жарна ретінде ресімдесін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан

Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қаржы нарығы институты" қоғамдық қорының қалыптасуы үшін қайтарым негізінде қаржылық көмек мүмкіндігін іздестірсін және көрсетсін.

5. "Қаржы нарығы институты" қоғамдық қоры Үкімет актілерін, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік құжаттарын алатын ұйымдардың тізбесіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК